KAZ Minerals

Жан-жақтылық және теңдік саясаты

Мақсаты:

KAZ Minerals бүкіл ұжым арасында позитивті, жайлы және инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға ұмтылады. Біз командалық жұмыс, адалдық, ұзақ мерзімді өнімділік, кәсіби даму және қауіпсіздік сияқты корпоративтік құндылықтарымызды насихаттаймыз және жан-жақтылық пен теңдіктің айрықша маңыздылығына сенеміз.

Біздің ұжымымызда жан-жақтылық пен теңдік сонымен бизнес жүргізу барысында пікірлерге, тәжірибеге және кәсіби біліктілікке сүйенуге мүмкіндік береді. KAZ Minerals еңбек ұжымында қоғамның барлық тобы қамтылған және қызметінің жергілікті қауымдастықтарын бейнелейді.

Осы Саясат біздің барлық объектімізге, сондай-ақ басқа жерде өткізілетін тиісті жиналыстарға, оқиғаларға және қоғамдық іс-шараларға қатысты қолданылады. Барлық қызметкер осы Саясатты іс жүзінде қолдануға жауапты, оның талаптарын сақтауға міндетті және жұмыс орнында мінез-құлқына қатысты кемсітушілік көріністеріне жол бермеуге тиіс.

Директорлар кеңесі өзінің барлық қызметкерлеріне тең қатынасты қамтамасыз ету үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады, осы Саясатты Директорлар кеңесі бекіткен.

Саясат ережесі

KAZ Minerals қызметкерлердің табысқа жету жолындағы кедергілерді жою арқылы барлық адамға әділ көзқарасты жақтайды. Жан-жақтылық жұмыс мәдениетіндегі адамдар арасындағы айырмашылықтарды түсінуге, құрметтеуге, бағалауға және пайдалануға мүмкіндік береді.

Біз қызметімізді жүзеге сыратын елдердің заңдарында және нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, жұмыстарды жүргізу кезіндеші еңбектіқорғау және қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды қоса алғанда біз қызметкерлер арасында жасына, гендерлік ерекшелігіне, нәсіліне, ұлтына және этникалық шығу тегіне, отбасылық жағдайына, дініне, тіліне, саяси нанымына, жыныстық бағдарына, жүктілігіне, ана мен әке болуына немесе мүгедектігіне («қорғалған сипаттамалары») негізделген кемсітушілікке жол бермейміз. Біз өз қызметкерлерімізді олардың айырмашылықтарына қарамастан іріктеу және жұмысқа орналастыру кезінде әділ және біртұтас тәсілді қамтамасыз етуге тырысамыз және тікелей немесе жанама түрде қорғалған сипаттамаларға негізделген заңсыз немесе әділетсіз кемсітушіліктің, құдалаудың немесе қысымның кез келген түріне жол бермейміз.

Жұмысқа орналасу, қызмет жолында жоғарылату, оқыту немесе кез келген басқа көтермелеу үшін кандидаттарды іріктеу олардың еңбегіне, атап айтқанда қабілеттеріне, тәжірибесіне және біліктілігіне негізделеді, бірақ біздің қызметіміз жүзеге асырылатын елдердің заңнамасында және нормативтік-құқықтық актілерінің талаптарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, қорғалатын сипаттамалардың болмауына немесе болуына байланысты емес.

KAZ Minerals:

- жұмыс орнында жан-жақтылық пен теңдікті қамтамасыз ету.
- қызметкерлер арасындағы лайықты әрі сыйлы қарым-қатынасты ынталандыру.
- қызметкерлердің тәжірибесі мен мүмкіндіктеріне сай олар үшін оқу және басқа мансаптық өсу мүмкіндіктеріне тең мүмкіндікті қамтамасыз ету.
- ұжымның барлық мүшесінің жеке айырмашылықтары мен қосқан үлесі мойындалатын және бағаланатын жұмыс ортасын құру.
- өзін кемсітушілікке ұшырады деп санайтындарды өздерінің желілік басшысына немесе жергілікті қызметкер құрамы жөніндегі басшыға немесе қажет болған жағдайда Топтың қызметкерлер құрамы жөніндегі басшысына шағымын жеткізуге қолдау көрсету.
- осы Саясаттың сақталмауына қатысты, әсіресе тәртіптік құқық бұзушылыққа жататын құдалауға қатысты барынша шыдамды болу.
- әділдікті қамтамасыз ету үшін қызметкерлерді іріктеу әдістері мен процедураларын қайта қарастыру.

Бұл Саясат әсіресе директорларға, желілік басшыларға және басқа қызметкерлерге, сондай-ақ қызметкерлерді іріктеуге, оқытуға және оларды алға жылжытуға қатысы бар мердігерлерге, сондай-ақ басқа қызметкерлерге қатысты лауазымдық функциялар жөніндегі кез келген басқа мәселелер үшін аса өзекті. KAZ Minerals компаниясының әділ және жағымды жұмыс беруші болып табылатынына және өз қызметін жүзеге асыра отырып, тең құқыққа қатысты тиісті заңнаманы толық сақтайтынымызға кепілдік беру мақсатында осы Саясат үнемі бақыланады және қайта қаралады.

Қаңтар 2018